КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ
(қысқаша)

2025 жылғы 21 шілде № 5501-25-00-2/1639 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.О.Алишева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің "Ақсу қаласының №20 сәбилер бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Системы Безопасности-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің "Ақсу қаласының №20 сәбилер бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер "Системы Безопасности-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алушыны жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

"Системы Безопасности-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Системы Безопасности-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 7 650 (жеті мың

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алты жүз елу) теңге және мемлекеттік бажды 229,50 (екі жүз жиырма тоғыз) теңге (елу) тиын, барлығы 7 879,50 (жеті мың сегіз жүз жетпіс тоғыз) теңге (елу) тиын өндірілсін.

"Системы Безопасности-2000" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажды 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ж.О.Алишева**

Құжатқа қол қойылған: Алишева Ж. О., 21.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2025, судья Алишева Ж. О., 10.09.2025

5501-25-3-1/1876